

фольклормен орынды байланыстар жасап, сөз өнерінің негізі әріден келе жатқанын жүйелей саралауға алғаш жол салған. Бұған ғалымның «Ауыз шығарманы ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы сыпайы әдебиетті ғана әдебиет деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі», деуі де, дәйекті дәлел бола алады.

Біз бұдан А.Байтұрсыновтың өнердің өрісін зерделеудегі таным-түсінігінің жоғары екендігін толық танимыз. Ғылыми тұрғыдан Юрий Лотманше айтсақ «Бірінші жағдайда жазба мәдениеттің, екінші жағдайда жазусыз мәдениеттің үстемдігі табиғи-тарихи заңдылық»(7) екенін Ахаң аталған еңбегі арқылы анық мойындатады. Бұл мәселеде ұлттық мүдде, ұрпақ келешегі тұрғаны да жасырын емес. Алғашқы қазақ фольклоры ХІХ ғасырлардағы жинағандардың көшпелі халықты менсінбей, оған кеміте қараушылардың іс-әрекеттері де талантты толғантуы мүмкін. Шындығында, қазақтар туралы сын көзбен қараушы А.Левшиннің өзі қазақ халқының өнерлі болуына таңдана қарап, «адам табиғатынан ақын және музыкант болып туады», деп мойындауға мәжбүр болған. Олай болса, А.Байтұрсыновтың ауыз әдебиетіне көбірек мән беруі, құнды пікірлер қалдыруы мен термин атуларды ұлттық тілде берудің өзі аса тереңдікті аңғарта түссе керек.

Себебі, қазақтың негізгі арқауы, бар асылы ауызша өнер мектебінде жатқаны баршаға аян.

#### **Пайдаланған дебиеттер:**

1. Даналардан шыққан сөз. – Алматы: Мектеп, 1987., 36 бет.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989., 19 бет.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989., 8 бет.
4. Ыбыраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең. Әлем: Альманах: - Алматы:Жазушы, 1991., 92 бет.
5. Байтұрсынов А. Мың бір мақал/Бастырушы Б.Адамбаев. Жұлдыз., 1993., №2. 3-35 бет.
6. Байтұрсынов А. Мың бір мақал
7. Әлем: Альманах: - Алматы: Жазушы, 1991., 253 бет.

#### **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ А.Н. КОНОНОВ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ, ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНІҢ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ**

*Тұрсынова М.А.*

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
қазақ тіл білімі кафедрасы*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ. Қазақстан*

Қазақ тіл білімінің қай саласының болмасын зерттелу тарихын зерделегенде А.Байтұрсынұлының еңбектерін айтпай кетуге болмайды. Себебі қазақ тіл білімінің алғаш ғылым саласы ретінде қалыптасу кезеңі осы ғалым еңбектерімен тұстас келеді және осы еңбектерде оның негізі қаланды.

Фонетика саласының да егжей-тегжейлі зерттеліп, қазақ тілі дыбыстық жүйесінің сыр-сипатының ашылуына А.Байтұрсынұлы зерттеулері себепші болды.

Сонымен бірге қазақ фонетикасына байланысты көптеген термин сөздер де осы еңбегінен көрініс тауып, кейінгі зерттеулерге арқау болған. Мәселен, қатаң, ұяң, үнді, ашық, қысаң және т.б. осындай фонетика саласының негізгі ұғымдарын беретін терминдердің А.Байтұрсынұлы қолымен жасалуынан оның қазақ тілі дыбыстары жүйесін терең түсінгенін білеміз. Бұған қоса ғалымның еңбектерінен кез келген тілді өз ішінде

ғана емес, басқа тілдермен салыстыра зерттегенін және мұның қажет екенін түсіндіргенін көруге болады. Қазақ тілінің дыбыстық құрылымы, сөз просодикасының ерекшеліктерін айта келе, А.Байтұрсынұлы бұл құбылыстарды басқа тілдермен салыстырып отырған. Ғалым М.Жүсіпұлы: «А.Байтұрсынов фонетика мен фонологияның, графика мен орфографияның, лингводидактиканың салаларының негізін қалаушы, тұңғыш (пионер) зерттеушісі», – деп атап көрсетеді [1,89].

Өзбек тілі – көне жазба тілдің бірі. Өзбек халқының да өз тарихы түркі тектес халықтар сияқты көнеден басталады. Өзбектің халық тілі мен көне жазба әдеби тілі көпшілік түркі тілдері секілді XIV-XVI ғасырларда қалыптасқан. Көне өзбек тілінің негізі сонау шағатай тілі кезеңінен басталады. Оның негізін салушы өзбек әдеби тілінде Әлішер Науаи болып саналады. Қазіргі түркі тілдерінің ішіндегі шағатай тіліне ең жақындары – өзбек және ұйғыр тілдері. 1921 жылдан бастап Өзбекстанда шағатай тілінің орнына өзбек тілі қолданыла бастаған.

Түркі тілдерін төрт топқа бөлген В.В.Радлов өзбек тілін ұйғыр тілімен бірге Орта Азия группасына, ал Ф.Е.Корш түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық өзгешеліктерін есепке ала отырып, көне ұйғыр, шағатай тілдерін шығыс тобына жатқызады. А.Самойловичтің классификациясы түркі тілдерінің лингвистикалық өзгешелігін есепке алғандықтан, шағатай немесе оңтүстік шығыс тілдері ретінде шағатай, Қытайдағы өзбек тілін, қыпшақ-түрікмен немесе орта группа ретінде Хорезм өзбектерінің тілін көрсетеді. В.А.Богородицкий өзбек, ұйғыр тілдерін Орта Азия тілдері деп бөлсе, И.Бенцинг аталған тілдерді Шығыс немесе ұйғыр тобына жатқызған. К.Г.Менгес классификациясында өзбек, ұйғыр тілдері түркі тілдерінің орта және оңтүстік батыс тобы ретінде көрсетілген.

Түркі тілдерінің тарихын, қазіргі жағдайын, этникалық құрамын толық есепке ала отырып жасаған Н.А.Баскаков классификациясында өзбек, ұйғыр тілдері Батыс ғұн – қарлұқ тобына жатқызылған және қарлұқ тобының Батыс ғұн мен Шығыс ғұнның арасындағы тілдер тобы болып есептелінетіндігін, олар X-XI ғасырлардағы Қарахандықтар дәуіріндегі Батыс ғұн мен Шығыс ғұн тармағы қарым-қатынасы нәтижесінде және түркі тілдерінің иран-парсы тілдерімен араласуы негізінде қалыптасқандығын айта келіп, қарлұқ тобының өзіне тән ерекшеліктері ретінде араб-парсы тілдерінен енген сөздердің көптігін, дауыстылардың саны 6-дан 9-ға дейін болатынын, сөз соңындағы ғ, г дыбыстары сақталған, не к/қ дыбыстарына өткендігін шығыс септігі –дин формасында кездесетінің, сілтеу есімдігінің ол орнына у болатынын көрсетеді.

Қарлұқ-ұйғыр топшасына екі көне тіл жатады: Қараханид мемлекетінің әдеби тілі және XII ғасырдағы моңғол шапқыншылығынан кейінгі әдеби тіл. Қараханидтер мемлекеті X-XII ғасырлардағы Орта Азиядағы қуатты мемлекеттердің бірі болып есептеледі. қазіргі Шығыс Түркістан, Жетісу, оңтүстік Тянь-Шань баурайын қоныстанған бұл іргелі мемлекет Хорезм шахы Мухамедтің шапқыншылығынан ыдыраған. Қараханид әдеби тілінде екі үлкен тарихи шығарма жазылып, бізге жеткен: «Құтадғу білігі», «Диуани лұғат ти-түрк». Моңғол шапқыншылығынан кейінгі әдеби тілде жазылған тарихи шығармалар қатарына А.Югнекидің «Хибатул ал-хакаик» кітабы мен Н.Рабғузидің «Қысса сул-Анбия» кітабы жатады. Сондай-ақ бұл тілдің элементтері Алтын Орда хандары жарлықтарында да кездеседі.

Қарлұқ-хорезм топшасы тілдеріне қарлұқ-хорезм тілін, Жошы ұлысының тілін, шағатай әдеби тілін, көне өзбек тілін, қазіргі өзбек, ұйғыр тілдері жатады. Қарлұқ-хорезм тілінде А.Яссауидің «Диуани Хикметі», С.Бақырғанидың шығармасы, Хорезмидің «Мухаббат-намасы» жазылған. Бұл топша тілдерінің ішіндегі түркі әлеміне кеңінен танымалы – шағатай әдеби тілі. Шағатай тілі Орта Азияны мекендеген көптеген түркі тілдерінің қалыптасуына негіз болды.

С.Е.Малов өзбек әдеби тілі тарихын 3 кезеңге бөліп қарастырады: 1. Ұйғыр әдеби тілі; 2. Шағатай әдеби тілі; 3. Өзбек әдеби тілі.

А.Н.Самойлович өзбек әдеби тілі тарихын үш дәуірге бөледі: 1. Қараханилер дәуірі әдеби тілі (X-IV ғасырлар). Бұл дәуір қараханилер мемлекетінде қалыптасқан және кең қолданылған шығыс түркі әдеби тілі және осы тілде жазылған шығармалармен ажыратылып тұрады. 2. Оғыз-қыпшақ әдеби тілі (XII-XIV ғасырлар). Бұл дәуір Хорезмде оғыз-қыпшақ диалекті негізінде дамыған батыс түркі әдеби тілі және бұл жерде жазылған шығармалармен байланысты. 3. Орта Азия түркі әдеби тілі (XIV-XX). Бұл кезең тілі осы ғасырлар барысында түркі-көне өзбек әдеби тілінде жазылған шығармалармен байланысты. Ал Қазіргі өзбек әдеби тілі Орта Азия түркі әдеби тілінің жалғасы деп қарастырған.

А.М. Щербак өзбек әдеби тілі тарихын төрт кезеңге бөледі: 1. Өзбек әдеби тілінің ең ежелгі кезеңі (X-XIII ғасырлар). Бұл кезең әсіресе шығыс түркі әдеби тілі және белгілі дәрежеде батыс түркі әдеби тілі мен байланысқан. 2. Өзбек әдеби тілінің орта – «шағатай» тілі кезеңі (XIV-XVII ғасырлар). Бұл дәуір тілі әсіресе көне өзбек әдеби тілі және де осы тілде жазылған шығармалармен байланысқан. 3. Өзбек әдеби тілінің жаңа кезеңі (XVII-VIII). Бұл дәуір хандық дәуірі әдеби тілін жалпылап алады. 4. Өзбек әдеби тілінің ең жаңа дәуірі (XI-XX ғасырлар).

О.Усманов өзбек әдеби тілі тарихын бес кезеңге бөледі: 1. Ежелгі түркі тілі кезеңі (VI-IX ғасырлар). 2. Ежелгі өзбек тілі кезеңі (IX-XII ғасырлар). 3. Көне өзбек тілінің алғашқы кезеңі (XIII-XIV ғасырлар). 4. Көне өзбек тілі (XIV-XIX ғасырлар). 5. Қазіргі дәуір өзбек әдеби тілі.

Ғ.Абдурахманов өзбек әдеби тілі тарихын төмендегідей кезеңдерге бөлді: 1. Ең ежелгі түркі тілі (VII ғасырға дейін болған кезең). 2. Ежелгі түркі тілі (VII-XI ғасырлар). 3. Көне түркі тілі (XI-XIII ғасырлар). 4. Көне өзбек әдеби тілі (XIV-XIX ғасырлар). 5. Жаңа өзбек әдеби тілі (XIX-XX ғасырлар). 5. Қазіргі дәуір өзбек әдеби тілі [2].

Қазіргі таңда дүние жүзі өзбектерінің жиынтық саны 34 млн-нан астам деп көрсетіледі. Олардың басым көпшілігі Өзбекстанда жасағанымен, Ауғаныстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қазақстанда да бар.

Бір негізден тараған түркі тілдеріндегі ұқсастықтарға қоса айырмашылықтардың да бар болатыны сияқты дыбыстар жүйесінде де өзгешеліктер жоқ емес. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде [3] қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды төмендегідей жіктеп, ерекшеліктерін көрсеткен:

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914	Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері). Бірінші тіл танытқыш кітап. – Қызылорда, 1925	Байтұрсынов А. Дыбыстарды жіктеу туралы. Мақала, 1927
Дауысты: а, о, ұ, ы, и, е. Жарты (орта) дауысты: у, й.	Дауысты: а, о, у, ы, е, (и) Жарты дауысты: у, и, р, л	Толық дауысты: а, е, о, ұ, ы. <u>Кең шығысты аңғал түрлі:</u> а, е, ы <u>Тар шығысты қымқыру түрлі:</u> о, ұ Шала дауысты: р, н, л, м, н, у, и. <u>Ауыз шығысты:</u> р, л, у, и. Босаң жолды: р, у, и, Қысаң жолды: л <u>Мұрын шығысты:</u> н, м, н. Босаң бөгеулі: н Қысаң бөгеулі: н Тұйық бөгеулі: м

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914	Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері). Бірінші тіл танытқыш кітап. – Қызылорда, 1925	Байтұрсынов А. Дыбыстарды жіктеу туралы. Мақала, 1927
Дауыссыз дыбыстар: <u>Қатаң:</u> б, п, т, д, ш, с, ғ, қ, к, г. <u>Ұяң:</u> ж, р, з, л, м, н, н. <u>Ымыралы:</u> ж, р, з, л. <u>Ымырасыз:</u> м, н, н.	Дауыссыз дыбыстар: <u>Қатаң:</u> б, п, т, с, ш, к, қ. <u>Ұяң:</u> м, н, н. <u>Ымыралы:</u> з, ж. <u>Ымырасыз:</u> д, г, ғ.	Дауыссыздар: <u>Босаң жолды:</u> б, ж, д, з, ғ, г. Ашық жолды: ж, з Тұйық жолды: б, д Тұйықтау жолды: ғ, г <u>Қысаң жолды:</u> п, т, с, ш, қ, к Ашық жолды: с, ш Тұйық жолды: п, т, қ, к

Өзбек тіліндегі дауыстылар мен дауыссыздардың сипатын А.Н.Кононовтың «Грамматика узбекского языка» (Ташкент, 1948) еңбегі арқылы төмендегідей көрсетуге болады:

Жасалу орнына қарай	Алдыңғы қатар		Ортаңғы қатар		Артқы қатар	
Ерін қатысына қарай	Езулік	Еріндік	Езулік	Еріндік	Езулік	Еріндік
Қысаң			И	У		
Жартылай қысаң	Э(е)			Ў		
Ашық			А		О	

Жасалу тәсіліне қарай	Жасалу орнына қарай					
	Ерін	Тіл алды	Тіл орта	Тіл арты		Көмей
				Тым алдыңғы	Тым артқы	
Жабысыңқы	Ұяң Қатаң	Б П	Д Т		Г К	Қ
Жуысыңқы	Ұяң Қатаң	В Ф	З, Ж С, Ш	Й		Ғ Х
Аффрикат	Ұяң Қатаң		Ж Ц, Ч			
Мұрын жолды Қос бүйірлі Діріл		М	Н Л Р		НГ	

Өзбек тілінде 6 дауысты фонема бар: (а, э/е/, и, о, ў, у)

Өзбек тілінің қазақ тілінен айырмашылығының бірі ретінде бұл тілде дыбыстардың жуан-жіңішке болып үндеспеуі, сингармонизм заңының сақталмауы көзге түседі.

Қазіргі қазақ тілінде а/ә, ы/і, о/ө, ұ/ү жұптары арқылы жуан-жіңішкелік топтар болса, өзбек тілінде а, и, ў, у ғана қолданылады.

Басқа түркі тілдерінен өзбек тілінің бұл ерекшелігін В.В.Решетов конвергенция құбылысына жатқызады [4, 117]. Қазақ тіліндегі құрамында а, ә дауыстысы бар сөздерге өзбек тілінде а-дан бөлек о сәйкес келеді. Өзбек тіліндегі о-ны айтқанда, тіл а фонемасын айтқандағыдан да әрі қарай жиырылады. Тілдің ұшы астыңғы тіске тимей, төменгі иек мейлінше төмен түседі, яғни о - тіл арты, ашық, езулік фонема. Ауыздың кең ашылуынан жасалатын ашық о қатар келген дауыссыздардың әсерінен екі түрлі мәнде айтылады. Қ, ғ, х дауыссыздарымен қатар келгенде тіл арты, басқа дауыссыздармен қатар келгенде тіл алды мәніне ие болады.

Сөз буындарының жуан-жіңішкелігін талғамайтын, қазақ тіліндегі а немесе ә-ге сәйкес келіп тұрған о фонемасы туралы түркі тілдерін зерттеген ғалымдар пікірі әртүрлі. Кей ғалымдар өзбек тіліндегі а езулігінің еріндікке айналуын өзбек халқының құрамына орта ғасырларда иран тектес халықтардың сіңісіп кетуінің тигізген әсері деп қараса [5, 27; 5,96], А.Н.Кононов о фонемасының пайда болуын тарихи жалғыз а-ның екі фонемаға, яғни а, о фонемаларына бөлінуімен байланыстырады [7,18].

Қазақ тілінде сирек те болса кездесетін ә дыбысы да өзбек тілі дауыстылар құрамында жоқ. Ф.Г.Исхаков әзірбайжан, түркімен, ұйғыр, татар, башқұрт, қазақ тілдерінде дербес фонема ретінде саналатын ә-нің өзбек тілінің сингармониялық говорларында кездесетінін айтады [8, 70]. Ал В.В.Решетов өзбек әліпбиінде орын алмағанымен, ә-ні дербес фонема екендігін айта келе: «Гласный а в современной узбекской орфоэпии имеет различные оттенки, некоторые из которых по сути дела являются самостоятельными фонемами. Помимо а, сюда относится и гласный [э] являющийся не оттенком, а вполне самостоятельной фонемой с широким диапазоном употребления, но не нашедшей отражения в узбекском алфавите. Гласный [э] в литературном узбекском языке употребляется очень широко и в любом звуковом окружении, даже в непосредственном соседстве с глубокозаднеязычными согласными к, ғ, х: адаб [эдәп], ука [үкә], санамок [сәнәмоқ], қилдилар [қылдъләр], қиламан [қыләмән]» [4, 140-142].

Түркі тілдерінде е жіңішке дауыстылар қатарына жататындықтан, құрамында басқа жіңішке дауыстылар бар сөздерде кездеседі, ал өзбек тілінде дауыстылардың жуан-жіңішке болып бөлінбеуіне да байланысты барлық дауысты дыбыстармен қатар келеді: еркек-эркак, кеме-кема, тізе-тизза, тілек-тилак т.б.

Қазақ тіліндегі ұ және ү-ге өзбек тіліндегі қысаң еріндік у дыбысы сәйкес келеді: тунгич, куғирчоқ, уғил, ұйқы, туғри, учун, учинчи, дукон, гумбаз т.б.

Өзбек әдеби тілінде алты ғана дауысты дыбыс бар дегенімен, диалектілік ерекшеліктерге байланысты дауыстылардың саны одан біршама көп екені белгілі. Көп жағдайда сол дауыстыларға қатысты және өзбек тілінде дауыстылардың жуан-жіңішке болып бөлінбеуіне байланысты аталған тілдің сингармонизміне қатысты көптеген пікірлер айтылады. Бұл туралы зерттеушілеріміз: «Небный сингармонизм, как один из основных законов, регулирующих фонетическую сторону изменения слов (т.е. словоизменения и словообразования), существует во всех тюркских языках, за исключением лишь узбекского», – деп жазуы да сондықтан [8,122]. Ал А.М.Щербак бұл заңдылықтың сақталмайтын тілдер деп, өзбек тілімен қоса, қарайым тілін айта келіп лингвалдықтың сақталмауының себебі ретінде түркілік емес субстраттың (нетюркский субстрат) әсер етуі деп көрсетеді [9, 71]. Жоғарыда келтірілген өзбек тіліндегі ини, идиш сөздерінің құрамындағы и алдыңғы сөзде тіл алды, соңғысында тіл арты болып айтылады да, бір ғана и графемасымен беріліп тұрған екі дыбыс (қазақ тіліндегі ы, і-ге ұқсас) бір-бірінен ерекшеленеді.

Дегенмен де, өзбек тілінің жекелеген говорларында сингармонизм заңдылығы анық байқалады. Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанмен қатар жерлердегі өзбектердің тілдік ерекшеліктері ретінде көзге түседі.

Өзбек тіліндегі дауыссыздар орыс графикасына негізделген жазуда б, в, г, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, ч, ш, ж/дж/, қ, ғ, х, нг деп көрсетіліп, дауыссыздардың санын В.В.Решетов [4, 212] пен А.Н.Кононов [7, 24]. 25 деп көрсетсе, А.Махмудовтың жіктеуінде – 24 [10, 31]. Атап айтсақ, А.Махмудовтың жіктеуінде алдыңғы екі автордағы ц-ны фонемалар қатарынан алып тастаған, сондай-ақ В.В.Решетов пен А.Н.Кононовтың жіктеуінде тіл орта й фонемасы ұяң деп көрсетсе, А.Махмудов үнділер қатарына жатқызады.

Дауыссыздардың қолданылуында қазақ тілімен салыстырғанда өзбек тілінде біраз түбір төл сөздердің, сондай-ақ қосымшалар құрамында сөз соңында б кездеседі, бірақ бұл тілде де қатаң п естіледі: чойшаб, касб, келиб кетди, мактаб т.б. және өзбек тілінде ф-ның қолданылуы жиі. Бұны, біріншіден, араб-парсы сөздерінің өзбек тілінде мүмкіндігінше өз нұсқасына ұқсас фонетикалық тұлғада сақталуымен, екіншіден, п, б еріндік тоғысыңқы дауыссыздарының жуысыңқыланыуымен түсіндіруге болады.

Қазақ тілінде у (w) – үнді, ерін-ерінді, жуысыңқы фонема. Көбінесе сөздің орта және аяқ шенінде келеді, сөздің басында сирек кездеседі: уақыт, сауын, тау т.б.

Ал қазақ тіліндегі сөз ортасындағы у дауыссызына өзбек тіліндегі ұяң, ерін-ерінді, жуысыңқы в фонемасы сәйкес келеді. Өзбек тіліндегі в екі еріннің бір-біріне жақындап, алға созылуы арқылы тістің қатысуынсыз жасалады (ауа-хаво).

Ж - өзбек тілінде ұяң, тіл ұшы, аффрикат фонема. Ж фонемасы басқа тілдерден енген сөздерде, ал дж аффрикаты өзбек тілінің төл сөздерінде қолданылады: журнал, жанжал, жануб, мажлис т.б. Өзбек әдеби тілі дауыссыз фонемалар жүйесінде ж – ұяң, тіл алды, жуысыңқы (А.Н.Кононов) немесе ұяң, тіл ұшы, жуысыңқы фонема (А.Махмудов), ал дж – ұяң, тіл алды аффрикат (А.Н.Кононов) немесе ұяң, тіл ұшы аффрикат (А.Махмудов) түрінде көрсетеді.

К - өзбек тілінде қатаң, тіл арты, тоғысыңқы, қ – қатаң, тіл арты, тоғысыңқы фонемалары. Сөздің басында, ортасында, аяғында келеді: куч, кадам, кесик, қиска т.б. А.Махмудов өзбек әдеби тілі фонемаларына жасаған жіктеуінде тіл арты дауыссыздарын таңдай арты (веляр) және тілшік (увуляр) деп екіге бөліп, к фонемасын таңдай арты, қатаң, г – таңдай арты, ұяң, ал қ – тілшік, қатаң, ғ – тілшік ұяң деп жіктейді.

Г - өзбек тілінде ұяң, тіл арты, тоғысыңқы (В.В. Решетов, А.Н.Кононов), ұяң, таңдай арты, тоғысыңқы (А.Махмудов) ғ – ұяң, тіл арты, жуысыңқы (А.Н.Кононов), ұяң, тілшік, жуысыңқы (А.Махмудов) фонемалары. Сөздің барлық шенінде келе береді: ғолиб, гумбаз, гугурт, болға, тоғ т.б. Ғ, ғ фонемалары сөз соңында келгенде қатаң қ, қ түрінде естіледі: тег [тэк], тоғ [тоқ] т.б. Барыс септігінің қосымшасы жалғанғанда ғана естілуіне сәйкес жазылады, басқа жағдайда орфографияда еленбейді: боғ (бак) - боққа, тоғ (тау) - тоққа т.б.

Қазақ тілінен бір айырмашылық ретінде өзбек тіліндегі қатаң дыбыстың ұяңдануы біркелкі емес. Себебі, жоғарыда біраз мысалдардан көрінгеніндей, қатаң дыбысқа біткен сөз қосымша жалғану арқылы ұяңдаған болса, кей жағдайда қатаң қалпын сақтап қалады: юк – юким, юкинг, юки; йўқ – йўқол, йўқолди; тўк – тўкилди, тўкилсин; чиқ – чиқти, чиқиб кетди; оқ – оқарған соч, сочининг оқи

Сонымен қатар қазақ тіліндегі ту сөзі өзбек тілінде туғ, ти сөзі тег түрінде келіп, есімшенің - кан, -қан жұрнақтары жалғану арқылы ұяң ғ, г қатаң қ, к дыбыстарына айналып кейінді ықпал әсерімен тукқан, теккан түрінде беріледі. Мысалы: Тукқан отасига борди - Туған атасына барды. У ерга теккан эди. Ол күйеуге тиген еді. Ал басқа жағдайда ғ, г дыбыстары сақталады: Мен шу ерда туғилдим. - Мен осы жерде тудым. Бугун унинг туғилған куни. - Бүгін оның туған күні. Ит менга тегмади. - Ит маған тимеді. Гапинг булса мен билан гаплаш, болага тегма. - Сөзің болса менімен сөйлес, балаға тиме.

Өзбек тілінде нг, нғ дыбыс тіркестері арқылы тіл арты, мұрын жолды үнді фонеманы береді. Қазақ, қырғыз тілдеріндегі ң-ға сәйкес келгенімен, өзбек тіліндегі нг - жіңішке, нғ - жуан айтылатын сөздер құрамында кездеседі: кенг, құнғироқ т.б.

Й - өзбек тілінде ұяң, тіл орта, жуысыңқы (В.В. Решетов, А.Н.Кононов), үнді, тіл орта, тоғысыңқы (А.Махмудов) фонема. Сөздің барлық позициясында келе береді: йўл, йуғон,

байроқ, мой т.б. Өзбек тіліндегі қолданысында көне түркі тілімен сәйкес келетін тұстары көп көрінеді: тугма, мугуз, туғноғич, тегирмон.

Өзбек тіліндегі дыбыстардың сипатын А.Байтұрсынұлы жіктеулерімен салыстырғанда ең басты ерекшелік өзбек тілінде жуан-жіңішке сыңарларының болмауы, ы-і дыбыстарының қазақ тіліндегідей ажыратылмауы, үндестік заңына байланысты өзгешеліктер болып тұр. Өзбек, ұйғыр тілдеріндегі бұндай ерекшеліктер тілдің даму тарихындағы өзгерістің сипаты ретінде қыпшақ тобындағы тілдерден өзгешелігін көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» еңбегінде қазақ тілінде бес дауысты фонема және он тоғыз дауыссыз фонема бар деп көрсеткен. Мұның қазіргі 9 дауысты фонемамен сәйкес келмейтінін көреміз. Ал осылай деп көрсетіп тек жуан фонемаларды: а, о, ы, ұ және е-ні беруі ғалымның жоғары дәрежедегі фонологиялық ойлау иесі екенін көрсетеді. Бұл қазақ тілінің парадигмадағы дыбыстары, ал олардың жіңішке варианттарын А.Байтұрсынұлы жазуда жеке таңбаламай-ақ, дәйекші арқылы береді. Бұл сонымен бірге қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі – сингармонизм құбылысын жете түсінуінің айғағы.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.
2. Түркі тілдері: Ұжымдық монография / «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК. – Астана, 2015. – 456 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. Алматы: Ғылым, 1995. – 447 б.
4. Решетов В.В. Основы фонетики и грамматики узбекского языка. – Ташкент, 1963. – 201 с.
5. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 190 б.
6. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. Москва: Наука, 1988. – 146 с.
7. Кононов А.Н. Грамматик современного узбекского литературного языка. М.-Л.: Изд.АН СССР, 1963. – 166 с.
8. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. ч.1. Фонетика. Москва: Изд.АН СССР, 1955. – 334 с.
9. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. Ленинград: Наука, 1970. – 204 с.
10. Махмудов А. Гласные узбекского языка. Ташкент: Фан, 1968. – 59 с.

### **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Жукеев Т.Б.*

*фил.ғ к., доцент*

*Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті*

*Қарағанды қ. Қазақстан*

Ғұлама ғалым, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің морфологиясына 1915 жылы шыққан 2 жылдық «Тіл – құрал» оқулығын арнаған. Автор сөз таптарын зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай деп 9 түрге жіктейді [1, 199-262]. Мұнда сан жағынан қазіргі қазақ тілімен сәйкес келіп тұрғанмен, еліктеуіш сөздер жеке сөз табы ретінде айтылмаған. Демеу мен жалғаулықтар дербес сөз табы қатарына саналған. Ғалым зат есімдерге анықтама беріп,